



№ 36 (1505)  
12 қараша  
2013 жыл

# УНИВЕРСИТЕТІ

Аптамыз 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## X ФОРУМ КАЗАХСТАН-РОССИЯ

### Интеграция КазНУ



КазНУ им. аль-Фараби принял участие в работе X форума межрегионального сотрудничества Казахстана и России в г.Екатеринбург (РФ). В состав представительной делегации, которую возглавил ректор КазНУ, академик Галым Мутанов, вошли ученые, директора НИИ и научных центров, деканы факультетов, преподаватели и студенты университета.

На промышленной выставке, открывшейся на юбилейном форуме КазНУ, единственный из вузов Казахстана, представил собственные инновационные разработки по актуальным научно-технологическим направлениям: нано- и биотехнология, традиционная и альтернативная энергетика, информационные технологии и безопасность, защита окружающей среды, медицина, а также образцы продукции, выпускаемых «Spin-off» компаниями университета.

Продолжение на 2 стр.



Руководители КазНУ Г. Мутанов и УрФУ В. Кокшаров на X Форуме Казахстан-Россия

## МАМАН САПАЛЫ БОЛУ ҮШІН – ҰСТАЗ БІЛІМДІ БОЛУЫ КЕРЕК

Жоғары оқу орындарында маманданып жатқан тәлімгерлер білімінің деңгейі қай дәрежеде? Алғашқы студенттік сәттен диплом жұмыстарын қорғауға дейінгі кезеңде студенттеріміздің білімі қалай толықты? Бітірер уақыты таяу қалған жас маманымыз университеттен не тоқыды? Сарапшылар пікірінше, бір-екі жылдан бері ЖОО-лардағы төртінші курс студенттерінің арасында оқу жетістіктеріне сырттай бағалау (ОЖСБ) өткізілуі мұндай сұрақтарды пысықтайтын көрінеді. Университет оқытушы-профессорларының сөзіне құлақ ассақ, сынақтан кейін білім ордалары өткенге талдау, болашаққа жоспар жасайды. Қолға мықтап алар тұсты таразылайды, оқытушыларымыз өз-өзіне есеп береді, кем-кетікті жамап, жаңа оқу жылына серпіліс алады.

Өткен апта күндеріндегі отандық білім ордаларындағы үлкен оқиға да осы - ОЖСБ. Еліміздегі үздік университет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 11 қараша күнгі кезекті ректорат отырысының күн тәртібіндегі бірінші сұрағын да осы тақырыпқа арнады. Тестілеу бөлімінің басшысы Айгүл Байнөсерова Оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың өту барысы бойынша ректорат мүшелерімен бөлісті. ОЖСБ маңыздылығына тоқталды.

Республика бойынша сынақ өтті, студенттер білімі сырттай бағаланды. Еліміздегі университет білімгерлерінің сынақтан қандай нәтиже көрсеткендігі алдағы уақытта арнайы мекемелерде сарапталынып, жыл соңына қарай

қорытындыланбақ. Әр жаңа жобаның ұрпақ әлеуеті үшін өз тиімділігін беру қажеттілігі болары сөзсіз. Ал бұл науқан білім сапасына қандай өзгеріс әкеледі. Күн тәртібіндегі бұл мәселе ректорат мүшелері тарапынан қызу талқыға түсті. Басым дауыс бұл бағалау білім беру сапасын жақсартуға түсетіндігін айтады. Тіпті, бағалау нәтижесінде студенттер байқатқан білім көрсеткішіне қарай мамандықтар жабылуы да мүмкін екендігін сөз етті. Осы орайда ҚазҰУ-дың бірінші проекторы, халықаралық оқытушы Мұхамбетқали Бүркітбаев бұл сынақтан студенттің сәтті өтуі, ең алдымен, ұстаз оқытқан білімнің нәтижесі екендігін есте сақтау керектігін алға тартты.

Жалғасы 2-бетте

## ЕНДІГІ МАҚСАТ – THE РЕЙТИНГІСІ

Times Higher Education британдық басылымының нұсқасы бойынша жасалатын Әлемнің ең үздік университеттер рейтингісі (THE World University Rankings) ғаламдық зерттеу туралы негізгі ақпараттар базасы болып табылады. 2009 жылдан бастап Thomson Reuters мәліметтеріне сүйеніп жасалатын рейтингте ең алдымен ғылыми өнімнің сапасына басымдық беріледі. Кешегі ректорат отырысында бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы THE рейтингіндегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көрсеткіштерін сарапқа салды.

«Біз ұмытылар мүмкіндіктер мен бағындырар белестер көп. Мен QS британдық компаниясының ұйымдастыруымен Сеулде өткен халықаралық конференцияға қатысып қайттым. Онда Қазақстандағы жоғары білім беру деңгейі туралы баяндама оқыдым. Оның ішінде ҚазҰУ тәжірибесіне маңызды орын берілді», – деді ол. Мұхамбетқали Мырзабайұлының айтуынша, QS рейтингіндегі ҚазҰУ табысы үлкен қызығушылық тудыруда. Атап өтсек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2009 жылы 609 орында болса, араға үш жыл салып, биыл 299 орынды бағындырған болатын. Бірінші проректор арнайы сұраныс бойынша ұжымның жүйелі жұмысына арналған баяндама жасағанын жеткізді.

Жалғасы 2-бетте

## "БІРІНШІ КУРС ТАЛАНТАРЫ – 2013"

ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында биылғы «1 курс таланттары» байқауының іріктеу кезеңіне 650-ден аса өнерлі жас қатысып, солардың ең үздіктері Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен гала-концертте марапатталды.

Айта кетерлігі, фестиваль жігер оты жалындаған студент жастардың заман ағымына ілескен зымыраған күндеріндегі бос уақыттарын әсерлі ән, көк нөсер күй, күмбірлеген домбыра, мың бұралған би әлемімен қауыштыру мақсатында, 2010 жылдан бастап дәстүрлі түрде университетіміздің ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен және қолдауымен өткізілуде.

Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

“ҚАЗАҚТАНУ ЖӘНЕ  
ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯ”



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ВЕЛИКИЙ  
ЛИРИК И  
МЕЧТАТЕЛЬ



6-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

ТАҒЫ ДА АЛАСҰРЫП  
САРЫ КҮЗДЕН  
СІЗДІ ІЗДЕЙМІН...



7-бет

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## МАМАН САПАЛЫ БОЛУ ҮШІН – ҰСТАЗ БІЛІМДІ БОЛУЫ КЕРЕК

ЖОО ұстаздарына қарата айтылған бұл сөзді ҚазҰУ-дың Оқу жұмысы жөніндегі проректоры Дархан Ахмед-Заки ойымен жалғасақ, мұндай сынақтардан оқытушы жауапкершілікті сезіне түсуі қажет. Аталмыш сынақ білім сапасын көтеруге де септігін тигізеді.

Оқу жұмысы жөніндегі проректор айтқанындай, бұл сынақ оқытушылардың оқу үдерісі барысында пәндердің оқу әдістемелік кешенін дұрыс толтыруын, емтихан сұрақтарын тыңғылықты дайындауын да бір ізге келтіреді.



**Мұхамбетқали БҮРКІТБАЕВ,**

ҚазҰУ-дың бірінші проректоры:

- Оқу жетістіктерін сырттай бағалау – оқыту, білім беру рейтингін анықтайтын сканер. Бұл сынаққа ілінген пәндер сұрақтарына студент байқататын нәтижеге сол пәннің оқытушысы жауапты. Сол себепті де маңызды сынақтарда білімгерлер сүрінбеуі үшін және төртінші курста жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін бірінші курстан бастап оқытушы студентке сапалы білім беруге тырысуы қажет. Дәріс пен тәжірибелік сабақтар қатар жүргізілуі керек.

**Дархан АХМЕД-ЗАКИ,**

ҚазҰУ-дың Оқу жұмысы жөніндегі проректоры:

- Егер оқытушының тиісінше сабақ жүргізуге білім-біліктілігі жетпесе, білім, ғылым, оқыту саласында жауапкершілікті сезіне алмаса, отандық білім және ғылым кеңістігін дамытуға ол оқытушыдан не керек, қандай үлес көзі бар екендігін пысықтап тұрып ойланатын кез де осы шақ.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



Жалғасы. Басы 1-бетте

## ЕНДІГІ МАҚСАТ – THE РЕЙТИНГІСІ

«QS рейтингінде біз өзімізді еркін сезінсек, THE талаптары өте жоғары. Сондай-ақ осы сапар аясында Shanghai Jiao Tong University ұйымдастырған халықаралық конференцияға да қатысу барысында ондағы талаптардың тіптен ерекше екендігіне көз жеткіздім», – деді ол. Сонымен зерттеушілікке бет бұрған оқу орны бірқатар халықаралық шарттарға сай болуы керек. Олардың бірі – университетте Нобель сыйлығы иегерінің дәріс беру керектігі. Әлемдік білім кеңістігінде танымалдылыққа жету үшін біздің ғалымдар импакт-факторы жоғары журналдарда жариялануы керек. Осы орайда Мұхамбетқали Мырзабайұлы Шанхай университетінде бір жылда 80 мақала жариялаған ғалым бар екендігін мысалға келтірді. Ал негізінен әр профессорға импакт-факторы жоғары журналдарға 4 мақала жариялау міндеттелетін көрінеді. Озық үлгілерді көрсете отырып, ол THE рейтингіндегі ҚазҰУ көрсеткіштерінің жай-күйіне тоқталды. Ондағы негізгі индикаторлар халықаралық байланыс, инновация, оқыту, ғылым мен дәйексөз келтіру болып табылады. Аталмыш салалар бойынша баяндама иесі ҚазҰУ табысын арттырудың жолдарын нұсқады.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



**Рафис АБАЗОВ,**

профессор ҚазНУ и Колумбийского университета:

Участие КазНУ в мировых рейтингах очень важно, так как они дают уникальные возможности для выхода в мировое образовательное пространство.

Во-первых, они направляют работу вуза согласно требуемым критериям оценки деятельности мировых университетов. Во-вторых, показывают стратегическое развитие современной науки и образования, на которое университету необходимо ориентироваться. В-третьих, обозначают приоритеты для университетов в улучшении их конкурентности. И, в-четвертых, они мобилизируют руководство университетов и преподавателей на высокие достижения.

Продолжение. Начало на 1 стр.

## X ФОРУМ КАЗАХСТАН-РОССИЯ

Интеграция КазНУ



Министр образования и науки РК А. Саринбайев посетил экспозиции КазНУ на выставке X Форума Казахстан-Россия



КазНУ представил инновационные разработки на выставке X Форума Казахстан-Россия



В ходе работы форума состоялась встреча ректоров КазНУ им. аль-Фараби и Уральского Федерального Университета им. Первого Президента России Б.Н.Ельцина. Стороны обсудили перспективы сотрудничества в научно-образовательной сфере и подписали ряд договоров о реализации совместных проектов. Ключевыми из них являются «Зеленый мост через поколения» и «Евразия-G-Global». Они направлены на вовлечение широких академических и научных кругов в реализацию глобальных инициатив Президента Казахстана Н.Назарбаева.

Два университета также объединяют усилия в направлении развития «зеленой экономики» и инноваций, внедрения научных и опытно-конструкторских разработок ученых в производство, активизации академического обмена преподавателей и студентов.

В Екатеринбурге ученые КазНУ приняли участие в работе секций, панельных сессий и круглых столов форума, а студенты в молодежном форуме «Лидерство и инновации в XXI веке: взгляд в будущее».

Д. ДЮСЕБАЕВ

ҚазҰУ мен Урал Федералды университеті Н. Назарбаев жаһандық бастамасын қолдау мақсатында «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» және «Еуразия-G-Global» біріккен жобаларын іске асырмақ

## ШЕТЕЛДІК ЖАСТАР АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН ЖАТҚА АЙТТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты жыр кеші өтті. Кеште шетелдік жастарға ұлы ақынның шығармашылығы кеңінен насихатталып, Абай шығармаларының тереңіне үңіліп, сұлулығы мен маңызы түсіндірілді.

Жыр кешінде Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар Абай өлеңдерін мәнерлеп оқудан жарысқа түсті. Шараға қатысқан 25 ауғандық тыңдаушылардың ішінен Кадри Хафизулла, Саттари Хайыр, Шахристан Абдул Латифтердің нақышына келтіре оқыған жырлары көпшіліктің көңілінен шықты. Қазақ диаспорасы өкілдері де ақын өлеңдерін мәнерлеп оқумен қатар, тамылжыға шырақады.



АИР тыңдаушылары арасынан ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан Кадри Хафизулла 1-орын, Саттар Хайыр мен Шахристан Абдул Латиф – 2-орын, Химчани Әбубәкір мен Карн Вайсиддин 3-орынды иеленді. Қазақ диаспорасы өкілдері арасынан 1-орынды Жанат Қожаберген, 2-орынды Нұрбол Мұратбек мен Жайна Қали, 3-орынды Ардақ Асанқожа мен Айгүл Жұматай иеленді. Жарысқа қатысушылар университет басшылығы тарапынан дипломдармен және кешті ұйымдастырушы С. Әшімбаев атындағы «Парасат» жас әдебиетшілер клубының сыйлықтарымен марапатталды. Дүбірге толы жыр додасы шетелдік жастарға Абайды таныту арқылы қазақтың даналығын, сөз өнерін, бай тілін жан-жақты паш етті.

**Ж.Т. ИБРАИМОВА, Ж. ДАУЫТОВА,**

С. Әшімбаев атындағы «Парасат» жас әдебиетшілер клубының жетекшілері

## МАТЕМАТИК КЕҢЕСІ

Жақында механика-математика факультеті Ресей ҒА академигі, Новосібір мемлекеттік университетінің геометрия және топология кафедрасының меңгерушісі және С. Л. Соболев атындағы математика институтындағы динамикалық жүйелер лабораториясының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Тайманов Ескендір Асанұлымен жүздесті.

Механика-математика факультетінің деканы Алматбек Қыдырбекұлы кездесуді профессор Ескендір Тайманұлын кеңінен таныстырумен бастады. Өз ішінде: «Ресей ғылым академиясының академигі атағына ие болған алғашқы қазақ азаматымен сіздердің таныс болғандарыңыз абзал. Бүгінгі қонағымыз отандық ғылым мен білімнің өркендеуіне өз үлесін қосуда. Ол жыл сайын факультетімізге келіп, студенттерге дәріс оқып, жастарымыздың білікті де білімді болуы жолында талмай еңбек етіп келеді», – деді. Таныстырудан кейін сөз алған Ескендір Асанұлы, алдымен, өзінің әкесі жайлы сөз қозғады. Нақтырақ айта кетсек, Ескендір Асанұлы өзінің барлық жетістіктерін тікелей әкесімен байланыстырады: «...маған дұрыс бағыт-бағдар ұсынып, білім жолында аянбай еңбек етуді үйреткен әкем еді. Сондықтан әкем туралы айтпай кету әбестік. Әкем – Асан Тайманов есімі көпке белгілі математик болған, сонымен қатар физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА академигі атағын иемденген. Осы Алматы қаласындағы Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған физика-математика пәнін тереңдетіп оқытатын (РФМШ) мектеп-интернатын құрушылардың бірі еді. Ол өзі ғана біліп қоймай, өз білгенін өзгелерге үйрету

үшін де зор қызмет жасады. Оның айқын дәлелі ол 14 ғалымның ғылыми диссертация қорғауына септігін тигізген», – деп атап өтіп, одан кейінгі сөзді өзінің еңбек жолының қалай, қашан басталғаны туралы сыр шертумен жалғастырды. Өз басынан өткен қызықтары туралы да айтып өтті.

Сонымен қатар жүздесуде аталмыш іс-шараны ұйымдастырған іргелі математика кафедрасының оқытушылары мен студенттері арнайы дайындаған презентацияларын көрсетіп, студенттер сауалдарын жолдап, тыңғылықты жауап алды. Бірі болашақ ғалым болу жолында не істеу керектігін сұраса, енді бірі академиктің мұншалықты жетістігінің сырын білуге талпынды. Сұрақтар нәтижесінде Е. Асанұлының жетекшілігімен 2012 оқу жылы іргелі математика кафедрасының докторанты А.Д. Мажитова PhD диссертациясын қорғағандығы, сонымен қатар қазіргі кезде іргелі математика кафедрасының меңгерушісі, профессор Б.Е. Кангужиннің басшылығымен жас ғалымдар Е. Таймановпен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқандығы туралы тың деректер айтылды.

**Дина ТӨЛЕГЕНОВА,**

механика-математика факультетінің студенті

## «САЙТАН КӨПІРДІ» ТАЛҚЫЛАДЫ

«Менің жерлестерім – қазақтар – сом мінезді, шыншыл және ашық жүректі адамдар. Олар сиқырлағандай, ата-бабасы таңдаған кеңістікте өмір сүреді. Менің туған жерге адал жерлестерім өр мінезді, еңбекқор, ержүрек және шыншыл адамдар. Әйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда маңдай терін төгіп жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырысамын», – дейді Оралхан Бөкей.

Оның шығармалары бүгінде де оқырмандарын жоғалтқан емес. Күні кеше «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының мүшелері мен әл-Фараби атындағы Ғылыми кітапхананың көпшілікпен жұмыс жүргізу секторы кітапханашыларының ұйымдастыруымен университет студенттері арасында жазушының «Сайтан көпір» повесі бойынша «Оралхан Бөкеев 70 жаста» атты оқырмандар конференциясы өтті. Әдеби жиында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті С.Мінайхан өзінің Бөкей шығармаларын жетік білетіндігін танытты. Шараға қатысушы студенттер жазушы шығармаларының әр тармағынан туған жерге деген ілтипатты, адам бойындағы рухани құндылықтарды дамытатындығын айтты. Оралхан шығармалары қайырымдылық пен зұлымдықтың тартысын, өмірге деген құштарлықтың, өмірді жақсартуға деген ұмтылыстың шебер көрінісі дейді. Жазушының шығармашылық мақсаты туралы жарыссөз алған болашақ тіл мамандары аса белсенділік танытып, әрқайсысы жеке сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар филология, әдебиеттану

және әлем тілдері факультетінің 1 курс студенті, «Оралхан Бөкеев оқуларының» жеңімпазы Б. Омар жазушының «Өз отынды өшірме» шығармасынан монолог оқыса, 2 курс студенті Ш. Нұртас «Шаттанамын» күйін ырғағына келтіре орындап, конференция қатысушыларын бір серпілтті. Ал 2 курс студенті А. Алиев өр Алтайдың өр мінезді Оралханы жайлы айтылған аталы нақыл сөздерден құрастырылған «Қазақтың ақиық жазушысы» атты жинағының тұсаукесері шараға қатысушыларды жазушыға бір табан жақында түсті.

Шараға филология факультетінің куратор-эдвайзері Э.К. Бектурова, Ғылыми кітапхананың қызметкерлері С.С. Жылқайдарова, Ж.Б. Манапбаева және «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының жетекшісі Л. Мұсаева қатысты. Механика-математика факультетінің, химия және химиялық технология факультетінің студенттері де шарадан рухани байып, кезекті оқырмандар конференциясына да белсене атсалысатындарын айтып тарқасты.

**Ш.Б. МҰҚАШЕВА,**

Ғылыми кітапхананың кітапханашысы

## ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ

В КазНУ состоялась встреча студентов университета с представителями ДУМК

Перед студентами КазНУ выступили начальник отдела фетвы и юриспруденции при Духовном управлении мусульман Казахстана С.Шоканов и главный имам Центральной мечети г.Алматы Е.Нурбек. Главной темой беседы гостей со студенчеством стала профилактика деятельности деструктивных течений среди молодежи. Открывая встречу, проректор по социальному развитию университета Шолпан Джаманбалаева отметила, что борьба с религиозным экстремизмом является актуальным вопросом в политике государства. В целях духовно-нравственного и патриотического воспитания молодежи в КазНУ ведется комплексная работа.

Кандидат теологических наук Сансызбай Курбанулы рассказал студентам о традиционной религии ислам, его основных канонах и духовных ценностях, растолковал значение и

смысл некоторых религиозных понятий. «Молодежь должна получать правильные знания об исламе. Мы регулярно встречаемся со студентами, для того чтобы внести ясность в вопросах религии и религиозных течений. Ислам преследует цель сформировать добродетельную личность, здоровую семью и гармоничное общество. Нравственные нормы, предписываемые исламом, учат: правдивости и искренности, нравственности и физическому развитию, терпимости и умению прощать, поиску мудрости и знаний, стремлению к самообразованию и интеллектуальному самосовершенствованию, пристрастию к чистоте и красоте, желанию посвятить всё свое время и свою жизнь добрым делам», – отметил он.

В ходе встречи представители ДУМК дали исчерпывающие разъяснения и ответы на интересующие вопросы студентов, также пожелали им успехов в учебе и духовного развития.

**Талгат АБИШЕВ,**  
начальник отдела по воспитательной работе

## «SMART GIS»

На сегодняшний день научно-технологический парк КазНУ является мощным катализатором в развитии современной и инновационной науки РК. В научно-технологическом парке осуществляются: развитие инновационного предпринимательства, поиск возможных деловых партнеров, привлечение инвесторов к реализации инновационных научно-технических проектов и предоставление качественных консалтинговых услуг.

Одним из приоритетов научно-технологического парка КазНУ выступает формирование благоприятных условий и коммерциализации начинающих компаний, которые реализуются в бизнес-инкубаторе.

Первый в стране студенческий бизнес-инкубатор открылся в КазНУ. Бизнес-инкубатор оказывает всестороннюю поддержку предпринимателям, а так же предоставляет студентам необходимые ресурсы, помещения и техническую инфраструктуру.

Наряду с успешно действующими проектами бизнес-инкубатора КазНУ, можно выделить стартап компанию «Smart GIS». Директором компании является студент факультета географии и

природопользования Мади Нурсейтов. В коллектив компании входят студенты университета и опытные профессионалы в области инженерной геодезии.

«Smart GIS» – это студенческая проектно-изыскательская компания, выполняющая широкий спектр инженерно-геодезических работ, таких, как топографо-геодезические, картографические и землеустроительные.

Открытие компании студентами КазНУ имени аль-Фараби дает им большое преимущество – эффективно использовать теоретические знания, полученные во время учебного процесса, для создания своего дела.

**Асем ТУРАРБЕК**

КазНУ им. аль-Фараби представил инновационные разработки на выставке X форум межрегионального сотрудничества Казахстана и России в г. Екатеринбург

Білімді де белсенді, жігерлі жастары бар елдің қашан да еңсесі биік, болашағы зор. Озық елдер қатарынан орын алу үшін қазақ жастарының қажыр-қайратының, ынта-жігерінің, ізденімпаздығының жоғары деңгейде болуы маңыздырақ. Осы мақсатты алға тартқан Алматының ғана емес, еліміздің биік өресінің өлшеміне айналған Қазақ ұлттық университетінің белсенді студенттері өз жұмысын бастап кетті. Мұның бір көрінісі – Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Нұрлан Әбдіқадыровтың университеттегі барлық белсенді жастардың басын қосып, кеңейтілген жиналыс жасауы болды. Ынтымақ пен бірліктің маңыздылығын айқындай білетін Нұрлан: «Жиналыстың басты себебі – ҚазҰУ студенттерінің басын бір шаңыраққа жинау, оларды қоғаммен етене байланыстыру және 1 курс студенттерін белсенді өмірге тарту», – деді.

## ЖАСТАР - ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

**–Сұрақты өзіңден бастасақ. Жалпы сіз туралы білу маған ғана емес, университетіміздегі барша белсенді студенттерге қызықты деп ойлаймын. Сондықтан, алдымен, өзіңіздің осы белсенді өмірге қалай келгендігіңіз туралы айтсаңыз**

Жалпы менің белсенді өмірге араласуым мектеп қабырғасынан басталған болатын. Сол белсенділігімнің баспалдақтары білім мен мәдениеттің қара шаңырағы ҚазҰУ-да жалғасты. Мені ынталандырған дүние – хабарландыру жазылған бір парақ қағаз болды. Ол хабарландыруда мәслихат ұйымына кіргісі келетін студенттерге ақпарат берілген болатын. Досым екеуміз хабарландыруда көрсетілген телефон нөмірлеріне хабарласып, барлық ақпаратты білдік. Шақырған кабинеттеріне барып, әңгімелесу жүргіздік және анкета толтырдық! Нәтижесінде мені қабылдайтындықтарын айтып, бір қуантып тастады. Дегенмен 2 апта ішінде тағы іріктеліп, біршама жұмыстар атқардық. Мұнымен айтқым келгені, мен белсенді жастар ордасына осындай толқыныспен келгенмін. Ал II семестрде менде басқа өмір басталды. Неге десеңіз, университет түлегі, сол кездегі студенттер сенатының төрағасы Аспандияр Кушенов маған ерекше көзқараспен қарап, тапсырмалар беріп, әр жемісті ісіммен құттықтап, қолымнан қысып, мені рухтандырғаны әлі есімде. Сол сәттен бастап төраға соңынан еруге дайын болдым. Мені сүйреп, үлкен мақсаттардың орындалуына себепші болып, бағыт-бағдарды дұрыс анықтауға ықпал жасады десем артық айтқандық емес.

Мен факультетім үшін барлық істі жасауда ерінбей еңбек еттім. Университет деңгейінде көптеген іс-шараларды ұйымдастырып, өзіме көп тәжірибе жинадым десем де болады. Әрбір жетістік адамды жаңа жобалар мен мақсаттарға жетелейді ғой. Сол себептен, мен сенат төрағасы болуды мақсат еттім. 2011 жылдың қыркүйегінде мен студенттер сенатының III-төрағасы болып тағайындалдым. Одан әрі 2013 жылдың 1 наурызынан бастап Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі қызметін атқарып келемін. 2012 жылы Алматы қаласы бойынша «ең үздік белсенді студент» атандым. Сонымен қатар университеттегі студенттердің қоғамдық рейтингісі нәтижесі бойынша «ең үздік көшбасшы» болдым. Жалпы менің университетке келгелі атқарған істерім осындай. Болашақта көп жобаларды іске асыратыныма сенемін!

**–Сіз сөз барысында айтып өткендей, Мәслихат ұйымының мүшесі атану үшін бірнеше кезеңнен өтіп, біршама уақыт еңбектенген екенсіз. Ал қазір неге студенттік белсенді ұйымдардағы іріктеу өз мәнін жойып барады?**

Негізі маған сол кезде өте бір өкінішті болған дүние – мен мәслихат ұйымының мүшесі болу үшін үлкен іріктеуден өтіп, бірнеше кезеңдердің жұмысын атқардым. Ал басқа факультеттерде мұндай сынақ пен іріктеу болмаған. Жалпы, бұл жағдай қазіргі уақытта ғана емес, сол жылдар ішінде де өз мәнін жоймаған еді. Алайда қандай іріктеу жасалса да, ең...ең...ең деген белсенді студенттер ғана қалады.

Мен ҚазҰУ-ға келгенде ұйымдар арасында бәсекелестік болмады. Ал қазір бәсекелестік деңгейі күннен-күнге артып барады. Бұл сұрақ осы себептен туындап отыр деп ойлаймын. Шын мәнінде әрбір ұйым бәсекелесу арқылы белсенді жұмыс жасап, алға жылжиды. Бұл бәсекелестіктің пайдалы тұстарының бірі. Алайда ауызбіршілік – басты байлық. Барлық жастар ұйымы ауызбіршілікте жұмыс атқарса, нұр үстіне нұр болар еді.

**– «Биік мақсаттың дәрежелермен (статус) өлшенуі – атаққа ұмтылудың баспалдағы» деген пікірді қаншалықты қолдайсыз?**

Жалпы менің сөзіме қарап, сырт көз мені атак, даңққа ұмтылу жолындағы ханзада деп есептейтін шығар (күлді). Алайда біреудің пікірін өзгертіп, ешкімді дұрыс ойлауға мәжбүрлей алмайсың. Бірақ түсіністік бәрібір қажет. Менің студенттік белсенді өмірге араласқаныма, міне, 7-8 жылдай уақыт өтті. Бұл менің мектеп қабырғасында жүрген кезімде пайда болған ойлар еді. Сол ой төңірегінде алдыма мақсат қойып, өзімді сол өмірге дайындадым. Ойлап, армандап қана қоймай, соны іске асыруға тырысып келемін. Бар болғаны осы. Жалпы халықтың бір мүшесі ретінде айтарым: кім қандай мақсат қойып, қандай дәрежеге жетсе де, барлығының адал еңбек пен маңдай тердің арқасында болғаны абзал.

**–Кеңейтілген жиналыс өткіздіңіз. Мақсат не? Міндет не? Жоспар қандай? Жиналыстың өтілу барысы туралы айта кетсеңіз.**

Иә, Жастар ұйымдары комитетінің кеңейтілген жиналысы болып өтті. Онда Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы Данияр Сүндетбаев, Жастар ұйымдары

комитетінің жетекші мамандары, белсенді жастардан құралған ұйымдардың төрағалары мен мүшелері және университетіміздің «балмұздақтары» болды. Әрине, басты мақсат – белсенді жастардың басын қосу, оларды жоспарлармен таныстыру және 1 курс студенттерін белсенді өмірге тарту. Атап өту керек көптеген өзгерістер де болды. Жоғарғы студенттер кеңесінің төрайымы Сәуле Аязбаеваның орнына бірнеше жылдан бері төрайымның орынбасары қызметін атқарып келген Балжан Сансызбай төрайым болып тағайындалды. Сонымен қатар ҚазҰУ студенттері атынан «Нұр Отан» партиясының XV съезіне қатысқан Сандуғаш Сандыбаева, Абылай Алатаев, Данагүл Яхиева, Әйгерім Пірімхан сынды белсенді студенттеріміз мақтау қағаздарымен марапатталды.

**– «Болашақ», «Жастар», «Белсенді қоғам» деп жатырмыз, жалпы болашақ жастарды қалай елестетесіз?**

Зор үміт күтем. Әрине, «интербасты жастар», «кітапсыз қоғам жастары» деген ұғымдар көңілді сәл түсіреді. Дегенмен қазіргі жастар интернет арқылы барлық саланы меңгеріп жатыр. Орта білім алды деген жастарымыздың өзі техникалық құрылғылармен жоғары деңгейде жұмыс істей алатыны былай тұрсын, ағылшын тілін меңгерген, ал орыс тілін жетік білетін, бизнес пен экономикаға жақын болып табылады. Жоғары білімді жастар өз қабілеттерін танытуда. Жыл сайын шет елге барып, өз білімдері мен біліктіліктерін жетілдіріп жатқан студенттер саны да артып келеді. Тағы бір дәлел: мен жақында ғана 2013 жылдың наурыз айында Германияның Дрезден техникалық университетіне барып қайттым. Онда STU-DIK жобасы бойынша студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарының қатысуымен алғашқы басқосу өтті. Біз онда еліміздегі студенттердің мүмкіндіктері мен жеткен жетістіктерін саралап, көрсеттік. Нәтижесінде, рейтинг бойынша ТМД елдерінің ішінде Қазақстан жастарының белсенділігінің жоғары екендігі айқындалды. Мен болашақ жастардың ақылды, іздемпаз, жүйрік боларына сенемін.

**– Осы белсенді жастардың қатарына қосылғысы келетін әрбір студенттің көкейіндегі сауал: «Не ұтамыз? Неден ұтыламыз?» Сіздерде белсенді студенттерге оқу үдерісінде болмасын, шет елдерге баруда**



**болмасын қандай да бір көмек көрсетіле ме?**

Белсенді студенттерге көмек көрсетеміз. Бірақ оқу үдерісінде емес, неге десеңіз студенттерді біз белсенді болуға мәжбүрлеп жатқан жоқпыз. Тек студенттік өмірді қызықты өткізсін, өзін-өзі басқару жолдарын жетілдірсін, өз ортасын кеңейтсін, достар тапсын дейміз. Ал оқу мен белсенді өмірді қатар алып жүре алмайтын студенттер үшін біз ешқандай көмек көрсете алмаймыз. Бәрі өздері үшін. Ал шет елдерге шығып, қызықты уақыт өткізуіне жағдай жасай аламыз. Бұл да ол студенттің қаншалықты белсенді екендігін айқындайтын дүние. Шет елге жан-жақты, өзге тілдерді жетік меңгерген, барлық істің ыңғайын білетін, ел алдында өзін еркін сезінетін, көпшілікпен тез тіл табысатын студенттерді жібере аламыз. Шын мәнінде, еңбек еткен әрбір адам жерде қалмайды деп есептеймін. Егер студент факультеті үшін, оқу орны үшін мол істер атқарып, барлық жобаларда белсенділік танытып жүрсе, елеусіз қалмайды. Соны әрдайым есте сақтау қажет.

**– Жастардың қоғамдағы ролі белсенділігін арттыру үшін не істеу керек?**

Олардың белсенділігін арттыру үшін біз белсенді болуға тиіспіз. Ең бастысы да осы. Оларға әрқашан белсенді болу арқылы, бірлікте болу арқылы өз ерекшелігімізді таныта аламыз. Жастарға сену, оларға сенім арту, жауапкершілік жүктеу олардың белсенділігін сөз жоқ арттырады. Бұл тәжірибе жүзінде дәлелденген. Ал қоғамда жастар қозғаушы күш болып табылады. Сондықтан қай кезеңде болмасын, қай заманда болмасын жастардың үлесі басымырақ. Олардың дәл осы жаһандану заманында білімді, ақылды, белсенді, жан-жақты және іздемпаз болуы шарт.

**– Сұхбатыңызға рахмет! Жемісті де жеңісті жұмыс атқарып, биік белестерді бағындыра беріңіз!**

Сұхбаттасқан Дина ТӨЛЕГЕНОВА

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Б. Ельцин атындағы Урал Федералды университеті ғылыми білім беру бағытында өріптестік туралы келісімшартқа қол қойды

## «ТЕОРИЯ ЭЛИТ: ЗА И ПРОТИВ»

Недавно Научное студенческое общество совместно с кафедрой теории государства и права, административного и конституционного права под руководством заместителя декана по научной работе К.Р. Усеиновой и председателя Совета молодых ученых И.Э.Нуруллаева провели дебаты, посвященные теме «Теория элит: за и против» среди студентов юридического факультета.

Целью проведения мероприятия является обмен мнениями и знаниями по данной теме, привлечение внимания молодежи, интенсивная и познавательная конкуренция между студентами, раскрытие интеллектуальных способностей.

Теория элит - концепция, предполагающая, что народ в целом не может управлять государством и эту функцию берёт на себя элита общества. Элиты разных эпох отбирались по самым разным признакам - сила, происхождение, образование, опыт, способности, богатство и т.д., развитие общества обязательно включали возможность выдвижения наиболее способных представителей народа. Механизмы этого выдвижения самые различные. С точки зрения этой теории в так называемых демократических государствах тоже управляет не весь народ, а несколько элит, которые ведут борьбу за власть. Ряд современных концепций в рамках этой теории считает, что народ может управлять этими элитами, используя избирательное право.

Спикеры от первой команды - К. Нурбекова, С. Ерекешева, А. Алдаберген, от второй команды - А. Жуман, Д. Еркін, А. Абилда, продемонстрировали свои ораторские способности. Чувствовалась конкуренция между командами, раскрылись интеллектуальные способности участников. Зрители также приняли активное участие, и студент 2 курса Чингиз Ауганов был награжден сертификатом за «Самый лучший зрительский вопрос».

действующую коллегия представили к.ю.н., доцент, заместитель заведующего кафедры истории государства и права, административного и конституционного права С.А.Сартаев, к.ю.н., доцент М.Е. Сагинаев, старший преподаватель Н.К. Мынбатырова.

Подводя итоги мероприятия, хочется отметить, что дебаты полностью раскрыли тему мероприятия.

И.М. АЛИМЖАНОВА,  
студентка 2-го курса юридического факультета

## "ҚАЗАҚТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯ"

**Көрнекті ғалым, «қазақтану» ілімінің негізін қалаушылардың бірі, қазақтану және жаңару философиясы мәселелерінің әдістемелік негіздерін салушы, сонымен бірге ұлттық тәрбиенің тәлімдік өнегелері және қазақ ақын-жырауларының, би-шешендерінің дүниетанымы мен философиясы төңірегінде көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ұлағатты ұстаз, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық акмеологиялық ғылымдар академиясының академигі Жақан Молдабековтің 70 жылдығы және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына арналған дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұйымдастыруымен «Бар қазақ – бір қазақ: діни-мәдени аспектілері» ғылыми-зерттеу жобасының аясында «Қазақтану және ұлттық инновация» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.**

Салтанатты жиынды философия және саясаттану факультетінің деканы, филос.ғыл.докторы, профессор Әлия Масалимова ашты. Ол Жақан Жанболұлының факультеттегі орны ерекше екенін айтып, оқытушылар мен студенттер, магистранттар, докторанттар арасында үлгілі ұстаз, ғалым ғана емес, сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын қайраткер деп атады.

Конференция барысында: «Қазақтану – білімдер саласының мәдени-тарихи парадигмасы мен әдістемелік реттеушісі», «Интеллектуалдық мәдениеттің дәстүрлі және жеке қайнар көздері», «Қазақстандық патриотизмді нығайтудағы ұлттық инновация», «Рухани жаңару мен дамудағы Қазақстандық жол» секциялары жұмыс жасады. Конференцияға шетелдік және отандық ғалымдар қатысты.

Мерейтой иесін құттықтауға әріптес достары ҚР БҒМ Шығыстану институтының директоры, филол.ғ.д. профессор Ә.Дербісәлі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филол.ғ.д., профессор У.Қалижан, Нұр Қазақ - Египет ислам университетінің ректоры, академик, профессор М.Фехми Хижazi, ҚР ҰҚК Шекара

академиясының профессоры, филос.ғ.д. К.И. Молтобарова, ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары, филос.ғ.д., профессор Т.С.Е. Нұрмұратов тағы басқа мамандар келіп, жылы лебіздерімен бөлісіп, ғалымның ғылым жолындағы зор үлесіне тоқталды. Пленарлық мәжілісте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, филос.ғ.д. Т.Х. Ғабитов "Жақан Молдабеков. Қазақтанушы. Философ. Тұлға", Ө.А. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының профессоры, филос.ғ.д. Қ.Аманжол "Кісілік дүниетаным және ұлттық рух", Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, филос.ғ.д. А.Г. Карабаева және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, филос.ғ.д. З.Н. Исмағамбетова "Инновационная деятельность как социокультурный феномен" тақырыбында баяндамалар жасады.

Конференция барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығына арналған «Менің университетімнің тарихы» эссе байқауының қорытындысы жарияланды.

Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

## ПОЗДРАВЛЯЕМ С ЮБИЛЕЕМ!

6 ноября 2013 года исполнилось 70 лет со дня рождения выдающегося ученого, писателя и философа, талантливого педагога Жахана Жанболовича Молдабекова.



Общеизвестен вклад Ж.Ж. Молдабекова в развитие философской науки. В сфере его научных интересов переосмысление приоритетов социального и личного в идеологии, выявление параметров становления новых социальных функций и средств их закрепления, анализ государственной и национальной идеологии в контексте гражданской и правовой традиции и многие другие проблемы современного общества. Авторский курс «Казактану», впервые разработанный и внедренный Жаханом Жанболовичем, раскрывает особенности формирования степной цивилизации, влияние кочевой культуры, природного фактора, духовного наследия на становление казахского менталитета, на осознание казахами себя как единого этноса. Свыше 600 научных и популярных работ, написанных лично или в соавторстве, стали настольными книгами не только для студентов, но и многих практикующих философов, в том числе монографии: «Приоритет идеологии: переход к субъективно-сознательному», «Казак осы мын өліп, мын тірілген», «Государственность Казахстана: эволюция становления», «Kasachtan. Historia – rojitiika»; учебников и учебных пособий: «Философия», «Политология», «Этнопедagogика», «Профессиональная этика», «Философия және мәдениеттану», «Шығыс философиясы», «Қазақтану», «Қазақтану өрісі», «Қазақтану және жаңару философиясы», «Шешендік», «Ұлттық тәрбиенің патриоттық мазмұны», «Өзін-өзі тану», «Ежелгі үнді және қытай философиясы»; научных словарей: «Русско-казахский терминологический словарь. Философия и политология», «Психология и педагогика». По государственной программе «Мәдени мұра» им написан цикл трудов: «Ежелгі шығыс. Т.1», «Жаңа дәуір философиясы. Т.6», «Қазақтың халық философиясы. Т.7», «Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы мен философиясы. Т.9», «Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы. Т.8».

Жахан Жанболович – высокопрофессиональный специалист, эволюционно сложился как аналитик, разбирающийся в сложнейших научных проблемах. Помимо философии, его интересуют вопросы культуры, литературы, искусства и иные сферы человеческой деятельности. Он сконцентрировал в себе громадный объем знаний, что естественно привело его к творческой работе в сфере прозы и поэзии.

Научная и педагогическая деятельность известного казахстанского ученого известна и за пределами нашей страны, свидетельством этого является чтение им лекций перед

студентами и специалистами Варшавского университета, негосударственной высшей школы Анкары, а также издание его трудов в России, Польше, Испании, Турции, Корее.

Неподдельный интерес к философским и методологическим проблемам привел Жахана Жанболовича в редакционную коллегия журналов и газет «Вестник КазНУ», «Ұлт тағлымы», «Ұлттық тәрбие», «Дауа», «Шипагерлік баян», в работе которых он принимает самое непосредственное и активное участие, выступая с докладами, рецензируя поступающие в редакцию материалы и являясь автором интересных и высокопрофессиональных статей по методологическим и методическим проблемам современной науки.

Ж.Ж. Молдабеков хорошо известен как учёный, как прекрасный лектор, как удивительный педагог. Лекции, читаемые им на факультете философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби по культурологическим и философским дисциплинам, отличаются живостью подачи, лёгкостью восприятия, оригинальными примерами из научного и жизненного опыта и наполнены глубиной обсуждаемых и вскрываемых проблем. А сколько подготовлено учеников – даже не приходится говорить! В его научно-педагогическом активе десятки дипломников, магистров, 5 кандидатов и 2 доктора наук.

Отношение Жахана Жанболовича Молдабекова к делу, принципиальность, скромность и доброта служат образцом для многих. Отзывчивость, щедрость души, большой жизненный опыт, разносторонние знания и высокая эрудиция этого человека соединены с мудростью, требовательностью и авторитетом педагога.

Мы, его коллеги, представители самых различных направлений научной творческой интеллигенции, многочисленные его ученики, почитатели его многостороннего дарования, от всего сердца поздравляем Жахана Жанболовича с юбилеем. Желаем нашему юбиляру успехов в неугомонной, неуёмной и многогранной продолжающейся деятельности, передачи педагогического опыта и научного мастерства молодёжи и долгих творческих лет!

Ажар ЖОЛДУБАЕВА,  
доктор философских наук,  
профессор кафедры религиоведения  
и культурологии  
факультета философии и политологии  
Лаура МУЛДАШЕВА,  
магистрант 2 курса специальности  
«Культурология»

Студенты кафедры корееведения и японоведения приняли участие в благотворительном проекте «Happy Builder Казахстан-2013» фонда POSCO (Южная Корея)



«...ВЕДЬ КАЖДЫЙ В МИРЕ СТРАННИК  
— ПРОЙДЕТ, ЗАЙДЕТ И ВНОВЬ  
ОСТАВИТ ДОМ»

С. ЕСЕНИН

«Серебряный век» русской поэзии полон многозвучия, который сравним со звоном колокольчиков. Кажется, будто все они звонят одну мелодию, но каждый - по-своему. Также и у поэтов, которые пишут на вечные темы: о любви, о красоте природы, о нравственной силе добра, о чести и совести, о смысле жизни. Мотивы



одинаковы, но переживает и чувствует их каждый по-разному. Стихи одних струятся нежно и лирично, стихи других - колокола, звучащие набатом, зовущие и заставляющие оглянуться вокруг и задуматься.

Среди великих имён поэтов того времени особенно выделяется имя С.Есенина. Его стихи, несомненно, западают в душу, обогащают жизнь, оставляют в сердце неизгладимый отпечаток. Стоит распахнуть для себя дверь в поэтический мир Есенина, как он моментально окрашивается в воображении в яркие цвета, обогащается разными оттенками и звуками.

Лирика Есенина разнообразна по тематике и звучанию. В разные периоды своей жизни поэт создает совершенно разные стихотворения, но все они объединены лиризмом Есенина. Именно этот лиризм позволил переложить многие стихотворные произведения на музыку и создать из них прекрасные песни.

Многое в поэзии С.Есенина относится к философской лирике,

# Великий лирик и мечтатель

потому что раскрывает вечные вопросы, касается общечеловеческих проблем, волновавших художника. Некоторые стихотворения пронизаны фольклорными мотивами, собраны из народных образов.

Многие стихи поэта - признание в любви к родной природе, стремление раствориться в ней:

Край любимый!  
Сердцу снятся  
Скирды солнца в водах лонных,  
Я хотел бы затеряться  
В зеленях твоих стозвонных.

В природе поэт видит источник вдохновения, он ощущает себя ее частицей. Кроме всего прочего, С.Есенин - большой патриот, тема любви к Отчизне, родному дому красной нитью проходит через его творчество.

Стихи Есенина - искренняя исповедь его романтической души, которая привлекает, прежде всего, проявлением самых лучших человеческих чувств. Притягательная сила есенинской поэзии именно в этой пронзительной искренности. В своих автобиографических

произведениях поэт умеет признаваться в своих слабостях, ошибках, просто и доступно говорить с читателем превратностях судьбы.

Замечательный русский поэт С. Есенин посвятил себя творчеству, в котором отразилась вся его жизнь, все его помыслы. Каждое стихотворение - это еще одна страница обширной книги его жизни. Эта книга открывает нам самобытный талант русского поэта. Все этапы пройденной жизни Есенина запечатлены на страницах его поэм и стихотворений. Поэтому с уверенностью можно сказать, что поэзия Есенина - это лирическое описание всей его жизни.

Поэт, мыслитель, философ, размышлявший о смысле жизни, С.Есенин ушел из жизни рано, трагически, преждевременно. Но и то, что успел сделать поэт, стало бесценным достоянием многих поколений.

С.К. САНСЫЗБАЕВА,

доцент кафедры русской филологии,  
русской и мировой литературы

## Проникновенная поэма С. Есенина «Анна Снегина»

Поэма «Анна Снегина» занимает особое место в творчестве Есенина. В ней раскрыты чувства и взаимоотношения главных героев, а так же находит свое отражение судьба народа, который стоит на рубеже серьезных перемен. В центре поэмы - личность автора. Здесь видно отношение самого автора к миру. События, описанные в поэме, связаны между собой именно этим образом. Поэма представляет лирико-эпическое произведение. Основной темой является тема любви. Через эту тему мы наблюдаем исторические события, а судьба героини проходит на их фоне. В самих диалогах раскрыты опасения за родную землю, вопросы о том, зачем народ губит себя на войне, за что вообще сражаются люди, кто тот самый лидер, который призывает пойти за собой. Но его герои не выступают монолитным фронтом. Часть мужиков поддерживают революцию, но часть народа смирилась с хаосом, часть - представляет из себя закоренелых собственников, которые и не думают ничего менять. Такое разногласие как раз и подчеркивает аналогичность событий поэмы современным реалиям.

Образ главной героини Анны Снегиной написан Есениным в лучших традициях русской литературы. Героиня предстает перед нами в двух временных ракурсах, как «девушка в белой накидке» и как женщина, которая потеряла мужа, состояние и теперь должна покинуть Россию. Теперь она предпочитает искать счастье в чужом краю. Отношения вокруг ее образа раскрывают человеческий фактор отношений в поэме Есенина. В письме Анны поэт показывает ретроспективу прежней жизни его любимой Руси. Это картины безоблачного детства. А еще философское осмысление грядущего будущего Анна оценивает через собственный жизненный путь. Но женщине удается, несмотря на все невзгоды, пронести любовь к родине в своем сердце, в своих воспоминаниях, в которые ей так хочется вернуться, но это невозможно. Анна откровенно скучает и думает о чувствах человека, которого некогда отвергла. Но, к сожалению, выбор сделан.

Символизм Есенин вкладывает в каждую строчку стиха, умело создает образы, которые проникают в души читателей и полностью завладевают ею. В «Анне Снегиной» есть и глубина содержания, и наполненность смыслом, и несравненная по проникновенности подача замысла. Есенину удалось показать и логику поступков и неподвластность чувств.

Еркеназ ЖУМАЖАНОВА,

студентка 2 курса факультета  
филологии, литературоведения и мировых языков  
(под руководством доц. САНСЫЗБАЕВОЙ С.К.)

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының  
кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

## ҰЛТТЫҚ СТУДЕНТТЕР ОДАҒЫНЫҢ І ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ

Бүгінде елімізде білімгер жастар, студенттер мәселесімен айналысатын республикалық, қалалық, университеттік ұйымдар жетіп артылады. «Саны көп» атанып, сынға ұшырап жатқанымен, ұйымдардың әрқайсысының қызмет саласы өз алдына белгіленген, мақсаттары айқындалған, жұмыс жоспары бекітілген. Ұйымдардың қызмет саласы жастар бойында патриоттық сезім қалыптастыру, экологиялық тәрбиеге баулу, қоғамдық және азаматтық белсенділікті арттыруға бағытталған болса, оқу үрдісіне студенттік өзін-өзі басқару органдарының араласуы жоқтың қасы. Бүгінде Қазақстан оқу жүйесінің Болон үдерісіне өткен шағында, студенттердің бұл үдеріске қатысуы қандай жағдайда? 2013 жылдың 7 қарашасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ұлттық студенттер одағының І Құрылтай жиналысында осы мәселеге көңіл бөлінді.

ҚР Ұлттық студенттер одағы - жоғары оқу орнының академиялық саясатын сараптау, оқу үдерісін жетілдіру, студенттердің үлгерімі және тәртібі бойынша ұсыныстар енгізу, академиялық тәртіпсіздікпен күресу, сонымен қатар Студенттік ынтымақтастықтың басты жетістігі - жалпыеуропалық білім беру кеңістігін қалыптастырудағы мемлекетаралық механизмдердің тәжірибелік жұмысына шынайы ену мақсатында құрылған ұйым.

І Құрылтай жиналысқа еліміздің 30-дан астам ұлттық, мемлекеттік, акционерлік жоғары оқу орындарынан өкілдер қатысты. Жиналыстың пленарлық мәжілісінде Ұлттық студенттер одағының жарғысы қабылданып, аймақтық жоғары оқу орындарының өкілдері сайланды. Іс-шараның екінші бөлігі әрбір ЖОО-дағы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының университеттің оқу үдерісін басқаруға қатысуы талқыланды. Сонымен қатар айтылған мәселелердің шешу жолдары қарастырылып, ұйымның жұмыс жоспары қабылданды.

Құрылтайда «Қазақстан-2050» стратегиясында қойылған талаптарды орындау мақсатында бүгінде жаңа бағытта жұмыстар жасалып жатқандығы айтылды. Елбасымыз айтып өткендей, бұл талаптарды жүзеге асыру үшін студенттер сапалы білім алуы керек. Ал Болон үдерісі бізге сапалы білім алу жолдарының барлық мүмкіндіктерін беріп отырса, сол мүмкіндіктерді қолдануға жағдай жасайтын алаң - еуропалық білім кеңестігінің студенттік құрылымдарымен тәжірибе алмасуға қол жеткізуіміз керек деп білемін. Болашақта Еуропа студенттер одағының құрамына кіруді мақсат еткен ұйымның жұмысына сәттілік тілейміз!

С.К. КАРТАЕВА,

ҚР Ұлттық студенттер одағының төрайымы

Физика-техникалық факультеттің студенттері куратор-эдвайзерлерімен бірге Медеу шатқалында демалыс күнін ұйымдастырды

# АТА-АНА ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР...

Ата-ана... Осы сөз адам жүрегін жарып шығып, керемет аялы сезімге жетелері хақ. Өміріңнің сәнін де, әрін де келтіретін, жаманыңды жасырып, жақсылығыңды асыратын бір жан болса, ол - ата-анаң. Жабыққан, сүрінген сәттерде әрқашан жаныңнан табылып, қолтығыңнан демеп, жұбатып, үлкен армандарға жетелейтін, нұрға толы жүрегімен үмітінді келер күнге жалғайтын да анаң мен әкең. Бойларыңдағы бар асыл қасиеттерді баласының бойынан табылғанын қалап, барынша жақсы тәрбие беруге ұмтылып, сол үшін қара шаштарына ақ түсіріп, бала үшін өзі пен суға бірдей түсетін ата-ананың бұл өмірдегі атқарар жүгі тым ауыр-ақ.

XXI ғасырда, дамыған заманда өмір сүріп жүрген жастарымыздың ата-анаға деген мейірімділігі қаншалықты тәрежеде? Өкінішке орай, бүгінде анаға ыр сөз айту, әкеге қарсы келу жастар арасында белең алып бара жатыр. "Қолда барда алтынның қадірі жоқ" дегендей, жаныңдағы аналарына бір жылы сөз айтуға жарамайтын халге жеткендері бойларынан тар жолда тайғақ кешіп жүрген ата-анаға деген мейірімділікті жоғалтады. Ислам дінінде ата-ананың орны өте жоғары. Өйткені ата-ананың айтқанын істеуге Алла тағала әмір еткен.

Ал мен үшін ана, әке деген сөздер өмірдегі ең асыл, ең қасиетті де қастерлі сөздер. Менің ата-анам деген ыстық сезімді, ыстық ықыласымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мына ешкімім жоқ әсем Алматыда олардың ыстық махаббаттары әркез маған тіреу, демеу болды. Ол кісілердің айтқан бір жылы сөзі менің жел жағыма пана, күн жағыма сая болды. Ыстықта солдырмады, суықта тондырмады. Қашан да адамның сөзінен, күннің көзінен, желдің өтінен қорғай білді. Иә, біз өмір бойы алақанымызға салып, аялап, мәпелесек те бұл екі адамның алдындағы перзенттік борышымызды еш өтей алмайтынымыз анық. Баласына көңілі толмаса кемшілікті өз бойларынан іздеген асыл жандардың бізге бергені көп. Әуелі, мынау жарық дүниені сыйлады. Одан кейін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп, жеткізді. Аллаға шүкір, ата-анам әрдайым мені қолдап, жанымнан табыла білді. Біз үшін отқа да күйді, суға да түсті, бірақ еш мойымады. Оларға күш-қуат, қайрат-жігер беретін балалары екенін бала кезімізде ұғынбаппыз. Әкенің "құлыным", шешенің "ботам" деген сөздерін естіп өскен балада қандай арман болушы еді?! Менің бір ғана басты арманым бар.

Ұлдана Ерқасымқызы Жиенқұл - 1996 жылы сәуір айының бесінші жұлдызында Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің «күқықтану» мамандығының 3 курс студенті. Облыстық, қалалық, республикалық «Махамбет», «Абай», «Мұқағали» оқуларының жүлдегері. Арманы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің журналистика факультетінде білім алу.



О л :

осы өмірге әкеліп, осы күнге дейін мәпелеп өсірген әкем мен анамды бақытты ету ғана. Кім өзі шыққан тауының биік болғанын қаламайды?! Кім өзі өсірген гүлінің әсем болғанын жек көреді?! Сол сияқты қай ата-ана болсын өзі бүкіл ғұмырын соның жолына сарп еткен, түн ұйқысын төрт бөліп өсірген, сол үшін өз басының рахаты мен қуанышынан бас тартқан балапанының алдыңғы

қатардағы, білімді, көрегенді адам болуын қаламайды дейсің. Мен әкем мен анамның әр айтқан сөзінен осыны түйіп өстім. Және де әке-шешемді әлгіндегідей нағыз адам болуыммен, өмірден өзімнің орнымды тауып, еліме пайдалы бір істің тұтқасынан берік ұстап, соған бел шеше кірісуіммен ғана бақытты ете алатынымды түсіндім.

## ТАҒЫ ДА АЛАСҰРЫП САРЫ КҮЗДЕН СІЗДІ ІЗДЕЙМІН...

айналған сары жылдарымды ойға салып, еріксіз сол ой-теңізіме батамын. Ақындар бұл мезгілді «Көңілдің жазы кетіп, күзі қалды» деп бейнелейді емес пе?!

Ия, күз басталғаннан бері бір жарым айда өте шығыпты. Күйбең тірлікпен уақыттың қалай өткенін де білмей қаламыз кейде. Пендеміз ғой, өмірде анаған қол жеткіземіз, мынаның шырқау шегіне жетеміз деп шапқылап жүріп, көз алдымызда жайқалып өсіп тұрған жасыл әлем сары түспен алмасып үлгерген кезде ғана, осы маусымды артқа тастағанымызды бір-ақ байқаймыз.

Неге екенін қайдам бүгін көңіл-күйім түсіңкі, жаным жабырқаулы. Жалғыздықты жаным сүймейді. Бірақ бүгін күндегіден өзгешемін. Кенет күздің әсем көрінісін тамашалағым келді де, жалғыз өзім жаяулатып саябаққа тартып тұрдым... Жылдағыдай емес, жапырақтар кеш сарғайыпты. Күннің көзі ашық, жылы болып тұр. Сөмкемді аштым, колыма ақ парақ пен қалам алдым да жаза бастадым. Балалық шағым есіме түсіп кетті. Бала кезімізде мектепте «күз туралы шығарма жазыңдар» десе-ақ, «күз келді, айнала сары алтынға оранды...» деп бастап ала жөнелетінбіз. Сурет сабағында түрлі-түсті қарындашпен сары жапырақтарды бір-бірімізбен жарыса отыра әдемілеп салатынбыз... Ештеңеден бейқам, уайым-қайғысыз жүрер балалық шақтың бал дәуреніне не жетсін, шіркін! Ал қазір ше, есейгендіктің белгісі ме, ойлар ойымыз да, жазар сөзіміз де мүлдем басқаша!

Міне, тағы да күз келді. Кәдімгі сары күз. Ал менің жаным жабырқаулы. Оның себебі көп. Менің өмірімнің көбі күзбен байланысты секілді.

Сізбен сары күзде танысып едім. Сары күздің сары жапырағын тобығымыздан кешіп махаббат бесігінде тербеліп едік. Сондай бір

сары күзде қол ұстасып үлкен өмір жолына бет алдық. Алдымыз тұнған арман, биік мақсат еді... Кейде көңілім құрғыр өзіме ырық бермей, оған ие бола алмай кететін кездерім де болды. Ондай кездерде көңілімнің жайлауынан ел көшіп, жұртта жалғыз қалғандай болып, жан дүнием құлазып қалатын. Әлі де солай. Сондай бір шақтарда тағы да елеңдеп сізді іздеймін. Бірақ сізді таппай шағаладай шарқ ұрамын. Ондай кездерде сізбен бірге жүрген күндерім сан қырқаның астында қалған сары жылдардың арасынан сағымдай бұлдырап елес береді. Осы күндерде менің қасымда өзіңіз жоқ болғанмен, жүрегіңіз мен бейнеңіз менімен мәңгілік бірге жүрген сияқты болады да тұрады.

Сізбен аз уақыт болса да өмірімнің керемет бақытты сәттерін өткіздім. Сол күндердің бәрі бүгінде ертегіге айналғандай. Мен әрқашан біздің арамызда шынайы сүйіспеншілік, сезім мен адалдық салтанат құрып, сол адалдықтың арқасында сенімнің туы желбіреп тұрғанын қаладым. Тәңірден біздің бір-бірімізге деген сеніміміз бен сезіміміз басқа нәрселердің бәрінен де биік болғанын тіледім, мәңгілік бірге болуды қаладым. Бар өмірімді сізге арнағым келді. Бірақ бізге тағдыр бірге болуды жазбапты... Білесіз бе, сізді кездестірмей тұрып, еркелеудің не екенін ұмытқан болатынымын. Ал сізді кездестіргелі менде еркелік басымдау болды. Иә, сіздің қасыңызда жүргенде ерке болдым, еркін болдым. Бірақ еркелікке салынып сіздің төрдегі басыңызды төмендеткенім жоқ. Студенттік өмірдің қызығын да, қиындығын да бірге көре жүріп, екеуіміз бір-бірімізге тіреу, сүйеу болдық. Ешкімге де арқа сүйемей, бір-бірімізді қолдап, қорғап жүрдік. Мен сіз бар жерде ешнәрседен алаңсыз едім. Менің ешкімім жоқ мына әсем Алматы да Сіз менің жел жағыма пана, күн жағыма сая болдыңыз, ыстықта солдырмадыңыз, суықта

тондырмадыңыз. Қашан да адамның сөзінен, күннің көзінен, желдің өтінен қорғадыңыз. Әтпен сол сағым болған күндер-ай...

Күндерге күндер ілесіп, айларға айлар айналып, жылдарға жылдар жалғасып, ұрпақ пен ұрпақ алмасып уақыттың керуен көші де өтіп барады. Сол керуен көшке ілесіп мен де жүріп келемін. Уақыт алға жылжыған сайын өткен күндеріміз де жылыстап артта қалып, сағымға айналады. Кейде мен сізбен өткен әр сәтімді есіме алып, ұзақ ойларға шомамын. Сол бір кезеңнің қайта айналып келгенін қалаймын. Бірақ өткен күн оралар ма?! «Өмірдің жазы кетіп, күзі қалды, Көңілдің сазы кетіп, назы қалды» деп ән жолдарында айтылмақшы, өмірімнің күзі де келіп жеткен сияқты. Бүгінде өзіңізбен бірге өткізген – көңілімді көктем етіп гүлге ораған кездерім, жанымды жаз болып жадыратқан шақтарым санама сағыныш болып құйылып, жанарымда жас болып мөлдіреп тұрады да қояды. Мен қазір нәзік жанымды бірде қуаныш қолтықтап, енді бірде өкініш өзегімді өртеп, УАҚЫТ атты өмір-арбамды айдап алға қарай сізсіз зырлап келе жатырмын. Тек, жарты жолда тоқтап қалмай, көшім аударылмай, арбам сынбаса екен деп тілеймін Тәңірден!

Мен сізді сағынып жүрмін. Ал мынау сағынышқа толы сары күз менің кеудемді мұңға бөлеп, жанымға құрсау салғандай болып қысып тұрады. Жапырақ жауған сары күз жанымды тыныштық берер емес. Төңіректің бәрі тегіс сары тап. Сағыныш та сары бояудай сап-сары емес пе?! Ал қазір тағы да аласұрып сары күзден сізді іздеп келгендеймін...

**Ұлдана ЖИЕНҚҰЛ,**  
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің 3 курс студенті



Кеше ғана жадыраған жаз еді. Енді міне, жер-әлемді сары бояуға бояп сары күз де жетті. Күз – ерекше мезгіл ғой. Кейде ол адамды сағыныштың сары әлеміне сапар шектіреді, ал кейде жаныңды жабырқатып, мұңға бөлейді. Тіпті, күзгі күннің аспаны да аумалы-төкпелі. Күліп тұрған күн әп-сәтте ұсқыны бөлек, түсі суық сұр бұлттың құшағында қалып қоя береді. Енді бір сәтте ес-түсіңді алып көк жүзінде найзағай ойнайды да, сұр бұлт сұрланып келіп «көз жасын» бір төгіп, өте шығады. Сол бір сәтте бұлыңғыр аспан да, түйіліп келіп түйіп-түйіп өтетін «жылауық» бұлттар да, шелектеп құйған ақ нөсер жаңбыр да жан дүниенді алай-дүлей сезімге толтырып, көңіл-теңізінді бір тербетіп өткендей болады. Менің де көңіл-күйім күз табиғатымен бірге жаралғандай. Мен кейде еріксіз дүрсіл қаққан жүрегім, сонау алыста қалып кеткен, сағынышқа

Жалғасы. Басы 1-бетте

# "БІРІНШІ КУРС ТАЛАНТТАРЫ – 2013"



«1курс талантары» қорытынды кешінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалым Мұтанұлы, Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева, Оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Заки өнерлі жастарды «Жеке дауыстағы эстрадалық ән», «Дәстүрлі ән», «Жас ақындар», «Көркемсөз оқу», «Актерлік шеберлік», «Домбырада ойнау шеберлігі», «Гитарада ойнау шеберлігі», «Үздік жүргізушілер», «Топтық эстрадалық ән», «Халықтық би», «Заманауи би», «Классикалық би», «Жас ақындар», «Қобызда ойнау шеберлігі», «Фортепианода ойнау» сияқты бірнеше номинациялармен марапаттады.  
Университет ректоры Ф. Мұтанов:

«Біздің жастар нағыз талантты жастар. Олар білім мен өнерді қатар ұстаған ұлттың болашағы, келешегі, тізгінін ұстар тірегі. Бүгінгі талантты бірінші курс студенттерін көріп, ерекше қуанышта тұрмын. Олар ҚазҰУ-дай 80 жылдық тарихы бар университеттің келбеті, айқын айнасы іспетті. Біз сіздермен қуанамыз, ел болашағына сенеміз», - деді марапаттау сәтінде. Марапаттау салтанатының соңы жеңімпаз таланттардың өнерлерімен жалғасты. Тегіс жиналған студенттер мен ұстаздар олардың өнерлеріне сүйіспеншілікпен қарағаны жүздерінен байқалып тұрды. Байқауда «Актерлік шеберлік» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған философия және

саясаттану факультетінің студенті Малика Серикова: «Бұл шарадан алған әсерім шексіз. Бізді өнер шыңына жетелеп, рухани биіктетіп тастағаны жасырын емес. Шараны ұйымдастырушыларға ризашылығым шексіз. Жеңімпаздардың әрқайсысында осындай қуаныш сезімі оянып жатқаны сөзсіз. Жастар шығармашылығына, өнеріне қамқор болып отырған университетімді әрқашан мақтан тұтамын», - деді. Бұл шара арқылы ҚазҰУ студенті Қазақстан жастарының ерекше буыны, қозғаушы күші, алтын діңгегі екендігін аңғаруымызға болады.

**Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,**  
**Қуат ЖІГЕР (фото)**

**ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ  
ПРИ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ**

приглашает всех желающих на курсы

**КИТАЙСКОГО** языка!

Обучают профессора  
Ланьчжоуского университета

Международный тест HSK на базе Института

ул. Карасай батыра, 95, КазНУ  
1-этаж, каб. №138, 243-84-64

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекен-жай:  
kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында  
(Теле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 11 177

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. -
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.